

**"1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының
Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Кеңесі төралқасының қаулысын жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 маусым 1993 ж. N 506

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының "1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1993 жылғы 13 мамырдағы N 2202-XII қаулысымен нақтыланып енгізілген 1993 жылға арналған республикалық бюджет өзгерістерімен және толықтыруларымен осы қаулының N 1 қосымшасына сәйкес кіріс бойынша 1990704829 мың сом мөлшерінде және шығысы бойынша 2420332074 мың сом мөлшерінде, тапшылықтың шекті мөлшері 42962724 мың сом болып атқаруға қарадан.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының аталған қаулысымен:

- облыстар мен Алматы және Ленинск қалаларының бюджеттерінде жалпыреспубликалық мемлекеттік салықтар мен табыстардан түсетін аударымдар 1993 жылға мынадай мөлшерде бекітілгені ескерілсін:

а) қосылған құнға салынатын салық бойынша:

Алматы, Қызылорда, Семей, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан, Қоқшетау, Жамбыл облыстары мен Ленинск қаласы 100 проценттен, Батыс Қазақстан облысы - 89,9 процент, Солтүстік Қазақстан облысы - 87,9 процент, Торғай облысы - 91,4 процент, Шығыс Қазақстан облысы - 74 процент, Қостанай облысы - 25 процент, Ақтөбе облысы - 72,3 процент, Ақмола облысы - 34,7 процент, Атырау облысы - 28,6 процент, Жезқазған облысы - 35,5 процент, Қарағанды облысы - 10,3 процент және Маңғыстау облысы - 17,9 процент;

б) акциз бойынша:

Алматы, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қоқшетау, Семей, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жезқазған, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Маңғыстау облыстары және Ленинск қаласы - 100 проценттен және Алматы қаласы - 29,4 процент;

в) тіркелген (ренталық) төлемдер бойынша:

Маңғыстау облысы - 9,4 процент және Атырау облысы - 25,6 процент;

г) кәсіпорындарға, бірлестіктер мен ұйымдарға тиесілі акциялардан, облигациялардан және басқа да бағалы қағаздардан және бірлескен кәсіпорындарға үlestік қатысадан, оның ішінде шетелдік қатысушыдан алынған табыстарға салынатын

Балаларға берілетін бірыңғай жәрдемақыларды төлеу Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен отбасылардың материалдық жағынан қамтамасыз етілуіне қарай жүзеге асырылуы тиіс.

- Қазақстан Республикасы Жинақ банкісінің мекемелерінде сақтаулы халықтың ақша қаражатының құнсыздандынуынан болған залалды өтеуді төлеуге арнап 29066000 м ы ң с о м қ а р а с т ы р ы л д ы .

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Халықтың Қазжинақбанк мекемелерінде сақтаулы жинақ ақшаларын индекстеу туралы" 1993 жылғы 15 сәуірдегі қаулысына сәйкес аталған өтемақыны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Жинақ банкісінің салымдарында жатқан халықтың ақшалай қаражатын қорғау туралы" 1992 жылғы 3 тамыздағы N 647 қаулысына сай есептелген сомаларды ескере отырып, 1993 жылғы 1 сәуірдегі қолданылып жүрген шоттары бойынша 1992 жылғы 1 тамыздағы мерзімді салымдардың қалдығын 50 процентке, талап етіліп алынатын салымдардың қалдығын 100 процентке көбейту арқылы жүзеге асырылады.

- 1990-1991 жылдардағы Қазақ КСР ақшалай-заттай лотереясының ұтыстары бойынша халықпен есеп айырысу үшін 50 млн. сом мөлшерде қаржы бөлу қ а р а с т ы р ы л д ы ;

- Үкіметаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының Аралды құтқару жөніндегі Халықаралық қорға 4500000 мың сом және Мемлекетаралық экологиялық қорға 490 000 мың сом мөлшерде жарна төлеу қаастырылды.

Ескерту. 2-тармағының "г" тармақшасының 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 20, 21 абзацтарының күші жойылды - ҚРМК-нің 12.11.1993 ж. N 1113 қаулысымен.

3. 1990 жылғы КСРО мемлекеттік мақсатты процентсіз заемның облигацияларын өтеуге байланысты шығындардың орнын толтыруға Қазақстан Республикасы Қазжинақбанкісінің корреспонденттік шотына 20585730 мың сом мөлшерінде қаражат аударуды қамтамасыз етсін. Орнын толтыру КСРО Президентінің 1991 жылғы 22 наурыздағы Жарлығына сәйкес есептелген тауарлардың барлық топтары бойынша 80 есе көбейтілген 40 проценттік өтем ақыны ескере отырып, облигацияларды өз бағасына сатып алып алған сомаларды кейіннен азаматтардың салымдарына аудару жолымен ж ү р г і з і л с і н .

Ескерту. 3-тармақтың 1 абзацының күші жойылды - ҚРМК-нің 12.11.1993 ж. N 1113 қаулысымен.

4. Жамбыл облысының аумағында орналасқан, бұрын республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігі мен Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұстауға байланысты шығындар осы облыстық

жергілікті бюджетінен қаржыландыруға көшірілсін.

(5 - т а р м а қ)

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚРМК-нің 12.11.1993 ж.

N 1113 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының 1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңын жүзеге асыру туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 170 Р930170_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар

енгізілсін:

(2 - 6 а б з а ц т а р)

б) 8-тармақ "Ішкі істер министрлігі" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай текст

б о й ы н ш а :

в) 14-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісе отырып, онқұндік мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне оларға құрама жем шекті босату бағасы бойынша жүргізілген ауыл шаруашылық кәсіпорындарының тізбесін табыс етсін".

г) 17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын.

"17. Республикалық валюта қорына келіп түсетін, сондай-ақ республикалық бюджеттің қаржылары есебінен сатып алынатын валюта қаржылары Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті айқындастын шараларды қаржыландыруға жіберіледі.

Ұлттық банкіден шетел валюталарын нарық бағамы бойынша сатып алуды Қаржы министрлігі жүзеге асырады".

д) 20-тармақтың екінші абзацындағы "және көшіп-қону" сөздері алғы тасталсын;

е) 22-тармақта екінші сөйлем алғы тасталсын;

(ж , з - т а р м а қ ш а л а р)

и) 28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі екі апталық мерзім ішінде 1993 жылға арналып нақтыланған республикалық бюджетте қарастырылған мемлекеттік өкімет пен басқару органдарын ұстауға жұмсалатын қаражатты арестік бөлуді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін".

к) 31-тармақтың 2-абзацындағы "7588493" және "1 000 000" цифrlары тиісінше "19733560" және "3 000 000" цифrlарымен ауыстырылсын";

л) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қазақстан Республикасының "1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңын жүзеге асыру туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 170 қаулысының I және II, 25 тармақтары, N 1 қосымша және N 2 қосымша күшін жойды деп танылсын".

Ескерту. 6-тармақтың "ж","з"-тармақшаларының күші жойылды -
ҚРМК-нің 12.11.1993 ж. N 1113 қаулысымен.

Ескерту. 6-тармақтан "темекі" деген сөз алынып тасталды -
ҚРМК-нің 1995.03.31. N 372 қаулысымен.

Ескерту. 6-тармақтың 2-6-абзацтары күшін жойды -
ҚРМК-нің 1995.05.15. N 678 қаулысымен. P950678_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 15 маусымдағы
N 506 қаулысына
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 15 маусымдағы
N 506 қаулысына
N 2 қосымша

Ескерту. Осы қаулының N 1 және N 2 қосымшаларының күші жойылды
- ҚРМК-нің 12.11.1993 ж. N 1113 қаулысымен. P931113_